

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Баукеңнің Гданьск музейіндегі мүштігі

Польшаның Гданьск қаласының музейінде қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлына Сталин сыйлаған мүштік тұрғанын естіп, таңғалдық. Ал хабарды жеткізген ауылдасымыз Әбілқайыр Мұстафин «суретін жіберемін, астында поляк және ағылшын тілдерінде жазылған түсінік сөз бар» дегенде, нанбасымызға болмады.



Әбекең кешікпей мүштіктің суретін жіберді. Оның астында шынында поляк және ағылшын тілдерінде сөздер бар екен. Оны қазақшаға аударсақ, мағынасы төмендегідей: «Кеңес басшысы бұл мүштікті 1941 жылдың қысында Мәскеуді қорғауда ерлік көрсеткен қазақ полковнигі Бауыржан Момышұлына сыйлаған».

Демек Әбілқайыр Мұстафиннің сөздері рас болып шықты. Ендеше, бұл көзінің тірісінде-ақ батыр атанған, кейін Кеңес Одағының батыры атағын алған Бауыржан Момышұлының даңқын арттыра түсетін баға жетпес құнды дерек.

Осы арада Әбілқайыр Мұстафиннің кім екенін де таныстыра кетелік. ҚазМУ-дың заң факультетін бітіріп, Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл ауданының орталығы Явленка селосында көп жылдан бері нотариус болып қызмет атқарады. Әкесі Балтабек Мұстафин – марқұм ІІ Дүниежүзілік соғысқа қатысқан, Берлинді алғандағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталған. Ұзақ жылдар бойы туған ауылы Тауағаштың басқарушысы болып, ел-жұрттың құрметіне бөленген жан. Әбілқайырдың қызы мен күйеу баласы қазір Польшада тұрады екен. Қызы Баян Варшаваның бір фирмасында Шығыс Еуропа департаментінің директоры көрінеді. Кезінде бұл фирманың Мәскеуде де филиалы болып, Баян сонда қаржы директоры болыпты. Филиал жабылған соң Польшаға қоныс аударады. Күйеу баласы да сондағы бір фирмада қызметкер. «2022 жылдың тамыз айында бәйбішем екеуміз Польшаға дем алуға бардық. Варшава қаласын оған дейін де көргенбіз, сондықтан Гданьск қаласына да барып қайтайық деп шештік. Өйткені бұл – тарихи қала. ІІ Дүниежүзілік соғысқа арналған орталық музейі өте

бай екен. Асықпай аралап жүргенімізде, көзіміз осы экспонатқа түсті. Баян оның астындағы жазуды оқып, айғайлап жіберуге шақ қалды. «Қазақ», «Бауыржан Момышұлы» деген сөздер көзімізге оттай басылды. Музейде фотоға түсіруге рұқсат жоқ, алайда біз телефонымызбен түсіріп алдық. Ал «бұл сурет сіздерге қашан келді, кім берді?» деп сұрайтындай қасымызда еш қызметкер болмады», деді ол.

Гданьск қаласы туралы айта кетер болсақ, бұл шаһардың тарихы тым алысқа кетеді. Халық саны жөнінен алтыншы орын алса да, өзінен әлдеқайда үлкен қалаларға қарағанда атақты. Мысалы, халық саны бойынша үшінші орын алатын Лодзьді көп адам білмесе де, Гданьскіні білмейтін адам жоқ.

Тарихы V ғасырдан басталатын қаланы 1308 жылы Тевтон ордені (немістер) басып алып, Пруссияның құрамына қосып, атауын Данциг деп өзгертеді. 1466 жылы Польша әскерлері 13 жылдық соғыста Тевтон орденін талқандап, Гданьскіні өзіне қайтарады. Осы кезден қала айрықша мәртебе иеленіп, Балтық теңізіндегі үлкен портқа айнала бастайды. 1569-1795 жылдары патшалық құрған Речь Посполита одақтас мемлекетінің құрамында болып, бұл одақ Аустрия, Пруссия және Ресейдің шапқыншылығынан ыдырағанда Гданьск Пруссияның қарамағына беріліп, қайтадан Данциг аталады. Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Версаль бейбіт келісімі бойынша Данциг Ұлттар лигасының басқаруындағы еркін қала мәртебесін алған. Алайда іргелес жер көлемі Польшаға қарайтын. Сол жылдарда Данцигтің жергілікті тұрғындары арасында басым бөлігін немістер құрайды. Шығыс Пруссияға Германиядан «Данциг дәлізі» арқылы ғана қатынауға болатын. Шығыс Пруссияның өзі Германияның бір пұшпағы, оның орталығы Кенигсберг (қазіргі Калининград) қаласы.

1939 жылдың 1 қыркүйегінде жарияланған II Дүниежүзілік соғыс нақ осы жерде басталады. Күшейіп алған Германия Польшадан Шығыс Пруссияға бару жолында тұрған Гданьск қаласын толығымен өзіне қайтаруды талап етеді. Польша оған көнбегендіктен, Германия соғыс ашады. 7-қыркүйекте Германия Гданьскіні толығымен өзіне қаратады. II Дүниежүзілік соғыста Германия басып алған ең бірінші қала – осы. Ол неміс басқыншыларынан тек 1945 жылдың наурыз айында ғана Қызыл армияның күшімен босатылып, Гданьск атауы қайтарылды. Ал неміс тұрғындары қаладан депортацияланады.

Бауыржан Момышұлы соғысты 9-гвардиялық дивизияның командирі болып Балтық бойында аяқтаған. «Ақиқат пен аңыз» еңбегінде Әзілхан Нұршайықов оның командирлікке тағайындалғаны туралы АГ-00 001 сериялы №52 374 куәлік берілгенін атап көрсетеді (Ақиқат пен аңыз., Алматы: «Жазушы», 1978, 300 б).

9-дивизияның командирлері тізімін көрсеткен Уикипедияның анықтамалығында да оның 1945 жылдың 28 қаңтарынан осы жылдың күзіне дейін комдив болғаны көрсетілген. Дивизия Курляндия жерінде орналасады. Бұл Латвия республикасының батысындағы жер атауы, ең үлкен қаласы – Лиепая. Дивизия тарағанша штабы сонда болған. Бос

уақытында, мүмкіншілік барында 35 жастағы полковник Бауыржан Момышұлы сол маңды аралап, қыдыруы мүмкін ғой. Ал Лиепая мен Гданьскінің арасы автомобильмен 400 шақырымдай, Балтық теңізі бойымен кемемен барса, 280 шақырым ғана. Екеуі де портты қала. Баукең ІІ Дүниежүзілік қырғынның басталған жері Гданьскіні көруге де барған болуы керек. Осы сапарының бірінде ол өзінің мүштігін Гданьскі музейіне сыйлауы мүмкін... Егер өзі сыйламаса басқа кім сыйлайды?

Ең бастысы, Баукең мүштікті Сталиннің өзінен алған. Демек, ол бас қол-басшының қабылдауында болған. Егер Сталиннің өзі сыйламаса, Баукең «маған Сталиннің өзі берген мүштік» деп мақтанатын кісі емес екені белгілі.

Сондықтан бұл мүштік болашақ зерттеушілердің алдына үлкен мәселе қойып отыр. Олар Баукеңнің Сталин алдына қашан және қалай, қандай жағдайға байланысты барғанын анықтауы керек. Анау-мынауға мән бермейтін Сталин оны не себеппен қабылдаған? Мәскеу түбіндегі шайқаста Баукең аға лейтенант қана болды, мұндай кіші офицерді қабылдауға Сталиннің уақыты да жоқ қой. Әлде ол «Волоколамск тас жолы» кітабын оқып, тәнті болған соң Бауыржан Момышұлын көргісі келді ме екен? Бауыржантанушы зерттеушілердің алдында осындай сұрақтар тұр.

Жақсыбай САМРАТ